

Олимпиададағы жетістікке жеткізетін қадамдар

Тюлегенов Серик Балыкбаевич
Дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей-мектебінің
география пәні мұғалімі

Пән олимпиадасына оқушыны дайындамас бұрын мұғалім алдында пайда болатын алғашқы мәселе «Кімді дайындау?». «Оқушыны қалай таңдау?».

Балаңы таңдау кезінде әуелден оның оқу үлгерімін есепке алу қажет сияқты, өйткені олимпиадник үшін қажет басты қасиеттер үлгерімі жақсы оқушылардың бойында байқалады, бұл еңбекқорлық, оқуға деген талпыныс, үнемі алдыңғы қатарда болуға ұмтылысы.

Бірақ дегенмен олимпиадалық дайындыққа қатысу мүмкіндігін алдымызға келген оқушылардың барлығына беру керек, өйткені оның бойында жасырын, бізге көрінбейтін қасиеттер болуы мүмкін, шоқтан жел үрлесе - от жанатының ұмытпауымыз керек.

Бұл жерде келесі қағидаларды айқындауға болады:

1. Өз еркімен келген оқушыны қабылдау;
2. Олимпиадалық іріктеуде өзін көрсете білген оқушыларды дайындыққа тарту;
3. 5 сыныптан бастап жаппай дайындау;
4. Зияткерлік қабілеттерін, темперамент т.б. көрсеткіштерді зерттеу мақсатында психологпен бірлесіп жұмыс жасау.

Орта буындағы сынып оқушыларына олимпиадалық қозғалысты жарнамалау керек. Бұл жерде мектепте оқып жатқан, мектеп бітірген олимпиада жүлдегерлері мен жеңімпаздарымен кездесу кештерін өткізуді дәстүрге айналдыру маңызды деп ойлаймын. Бұл кештерде оқушылар үлгі тұтарлық азаматтармен кездесіп, арман қуып, олимпиадаға деген бастапқы қызығушылығын қалыптастыратын ішкі уәж туындауы мүмкін.

Екінші мәселе: жұмысты қалай ұйымдастыру керек?

Бұл жұмыста алға тартатын келесі қағидаларды ұсынғым келеді. Біріншіден, 5-6 сынып оқушыларын олимпиадалық қозғалысқа еліктіру үшін балалардың бірінші дайындық сабағынан бастап қызықтыру керек.

Осы мақсатта біріншіден: дайындықты «қарапайымнан-күрделіге» принципі негізінде ұйымдастыру, сағаттық жүктемені қадағалау, жарыс элементтеріне негізделген дайындық рейтингін, квест ойындарын жиі қолдану. Бастапқы кезде практиканың, теориядан басым болғаны дұрыс.

Екіншіден: Олимпиадник оқушыларды дайындық жұмысына тарту, үлгі көрсету арқылы ұрпақ сабақтасытығын қалыптастыру.

Үшіншіден: өте жоғары деңгейде әр бір параллель бойынша мекетепішілік олимпиадаларды ұйымдастырып өткізу.

Еліміз 2020 жылы ұлы Абайдың 175 жылдық мерей тойын жоғары деңгейде атап өтуге дайындалып жатыр, осы орайда мекетепішілік олимпиада атауын Абай атымен байланыстырып, мысалы «Абай дарындары» атымен атап, жай ғана мекетепішілік деп аталмайтын атаулы олимпиада өткізу қажет сияқты. Бұл олимпиада ұйымдастыруын ресми олимпиада деңгейінде ұйымдастыру керек, ол үшін комиссия мен бақылаушылар құрамына әкімшілікті, ата-аналар қауымдастығын тарту, арнайы үлгідегі дипломдарды жасау, олимпиада логотипін ойлап шығару, тапсырма берілетін парақтарды бір форматта безендіру жұмысы қолға алыну керек. Олимпиада форматында бірінші турда интеграциялық тапсырмалар, екінші турда жеке пән бойынша тапсырмалар әзірлеу. Сонымен бірге пән апталықтары кезінде әр бір пән бойынша жасөпірімдер олимпиадасы ережесімен өтетін олимпиадаларды өткізуді қолға алу керек.

Төртіншіден, мектепте олимпиаға дайындық бұрышын әзірлеу. Бұл жерде олимпиадаға қатысты ақпарат, нәтиже көрсеткен біздің мақтаныштарымыз бен олардың жетістіктері, олимпиадник үшін қажетті қасиеттер сияқты әр-түрлі мәліметті көрсетуге болады. Сонымен бірге олимпиадник оқушылармен жасалған сұхбатты, мектеп тынысы, жетістіктері көрсетілетін мекетепішілік газет шығаруды да қолға алуға болатын сияқты. Бұл мақалаларды сынып сағаттарында оқып, талдауға болады.

Бесінші қағида: сапалы дайындықты ұйымдастыра алатын профессорлар-оқушылар командасын құру.

Алтыншы қағида: жоспар құру, негізгі әдебиеттер тізімін анықтау.

Соңғы, жетінші қағида: жазғы демалысқа оқу үшін әдебиет ұсыну, оқушылармен әлеуметтік желі арқылы кері байланыс орнату, бағыт беру.

Олимпиадалық дайындықта нәтиже көрсетуге бөгет болатын келесі мәселе мекетепішілік бәсекелестіктің болмауы.

Бұл мәселені шешу жолдары:

1. Олимпиадалық резервті қалыптастыру (1 орынға кемінде 3 оқушыдан болуы);

2. Бос балаларды ғылыми жобаларға, басқа сайыстарға тарту;

3. Мектеп намысына деген жауапкершілік сезімін, мектебіне деген мақтаныш сезімін, ортақ рухты қалыптастыру жолында жұмыс жасау.

Оқушылар арасында ортақ рухтың болмауы мектеп болашағын айқындайтын негізгі мәселе болып тұрғанын көптеген сайыстарда жеке басым аңғарған болатын. Бұл жерде біз облыстың бірқатар мектептеріне өкінішке орай жол беріп тұрғанымыз хақ. Ол үшін олардың өздері оқитын мектебі, мұғалімдері үшін мақтаныш сезімін ояту керек сияқты.

Олимпиадаға қатысатыны туралы алдын-ала тым ерте ескертілуі олимпиадалық орындарға деген монополия тудырып, таза бәсекелестіктің туындауына

жол бермейді. Жарыс элементінің болмауы оқушыны демалыс кезінде, бос уақытында қарқынды түрде орын үшін таласуға итермелемейді. Қорыта келе негізгі ұсыныстарға тағы бір мәрте қысқаша тоқталып өтейін:

1. Олимпиада жүлдегерлері мен жеңімпаздарымен кездесу кештерін өткізуді дәстүрге айналдыру;

2. Мектепішілік олимпиаданы атаулы олимпиада форматында жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізу;

3. Мектепте олимпиадник бұрышын әзірлеу;

4. Оқушылар тарапынан мектепішілік газетті шығаруды қолға алу;

5. Оқушылардың жауапкершілік сезімін, мектебіне деген мақтаныш сезімін, намыс, ортақ рухты қалыптастыру жолында жұмыс жасауды жоспарлау.